

Бекітемін:
№29 «Ай-Керім» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі
Хожамуратова А.И.

“Тәуелсіз Қазақстан”



“Айкөйлек” мектеп алды даярлық топ
Тәрбиеші: Қалыбай Т.

Шымкент-2021-2022 жж



Тәуелсіз Қазақстан

Білім беру саласы: Әлеумет

Бөлімі: Қоршаған орта

Мақсаты: Балаларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру.

Білімділік: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен, тарихымен таныстыру.

Дамытушылық: Балалардың дүниетанымын кеңейту, тіл байлығын, логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: туған елін, жерін сүйуге, отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу.

Қостілділікастана-столицы, , ту-флаг, елтаңба-герб, әнұран- гимн

Сөздік жұмысы: отан, астана, ұлт, ту

Қажетті көрнекілік құралдар: тақпақтар, рәміздердің суреттері, тақырып бойынша суреттер жинағы, слайд

Тәрбиеші:

— Біз аспаны ашық, сәулелі, кең байтақ елде тұрамыз. Ол ел – Қазақстан

— Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізді Қазақстан Республикасының ән ұранынан бастайық.

Ғажайып сәт:

Есік қағып тобымызға Аяулым достарымен келеді.

Ұйымдастыру кезеңі:

Тәрбиеші: Аяулым кайдан жүрсін?

Аяулым: Мен достарымды кестестіріп қалдым. Қонаққа алып келдім.

Осылай бүгінгі сабағымыз басталады. Балалар, біз қандай мемлекетте тұратынымызды мақтанышпен қонақтарымызға жеткізейік. Достарыңды ортаға алып, балалармен бірге отыра ғой.

Бүгінгі сабағымыз топтық жұмыста өтеді. Топқа алдын ала бөлініп отырып, топ басшысын сайладық.

1-топ: Қазақстан

2-топ: Астана

3-топ: Бәйтерек

Топтың ережесі: топ басшысын тыңдаймыз, шуламаймыз, бір-бірімізді тыңдаймыз, бір-бірімізге кедергі жасамаймыз, ұйымшылдықпен жұмыс жасаймыз.

Сұрақ-жауап:

- Балалар біздің ұлтымыз кім?
- Қазақ
- Біздің мемлекетіміз қалай аталады?
- Қазақстан Республикасы
- Қазақстан қандай мемлекет?
- Егеменді, тәуелсіз мемлекет
- Президентіміз кім?
- Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев
- Елордамыз, бас қаламыз қай қала?
- Астана қаласы
- Ал бүгінгі өткізіп жатқан сабағымыз қандай мерекеге арналып жатыр?
- Қазақстанның тәуелсіздік алған күніне

- Дұрыс балалар, өте жақсы жауап бердіңдер.

16-желтоқсан Қазақстанның тәуелсіздік алған күні. Ол күнді біздер ерекше құрметпен тойлаймыз. Ал, осы тәуелсіздік деген сөзді қалай түсінесіңдер? (Балалар жауаптарға)

Балалар Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Тәуелсіздіктің мағынасы зор, тамыры терең ұғым. Қазақстан Тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенін көру үшін тарихқа көз жүргізейік. (Слайд- шоу арқылы Желтоқсан оқиғасын көрсету) 27 жыл бұрын Қазақ елі Ресейге бағыныпты болды. Қазақ елін ресей басшылары басқарған. Оған 1986 жылы 16 желтоқсанда Алматыда бір топ жастар қарсы болып, «Қазақ елін қазақ басқару керек» деген ұранмен алаңға шыққан жастар көтерілісі болды. Оқиғаға қатысқандарды саяси тұрғыдан қуғындау басталды. Студенттерді оқудан шығарды.

Бұл оқиғаның құрбандары болған қайсар батырларымыз Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сабира Мұхаметжанова, Ербол Сыпатаевтар ерлік көрсетті, олардың ерліктері мәңгі өшпейді. Осындай жастарымыздың арқасында қазіргі кезде бейбіт тыныш өмір сүріп жатырмыз. Өз бетімен ешкімге бағынбай өмір сүрген елді тәуелсіз ел деп атайды. Осы күнге жету үшін қазақ халқы талай қиыншылықты бастан кешірді. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды. Осылайша Тәуелсіз Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болды. Оның тұңғыш президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды. Жыл сайын 1 желтоқсан президент күні болып тойланып келеді.

Фатима: Елімде бейбіт тыныш өмір болсын

Елімнің ел ағасы, президентіміз

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев аман болсын.

Балалар, біз өте бақытты, тыныш, достығымыз жарасқан мемлекетте өмір сүреміз. Соның бәрі елбасымыздың арқасында. Сендер білесіңдер ме? Біздің Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев президентіміз балалар үшін, еліміз үшін, отанымыз үшін ештеңе аямады. Сен басқа мемлекетке бара қалсаң, өзіннің тілінді, отаныңды, туыңды яғни рәміздерді мақтанышпен жеткізсең сонда ғана сен нағыз патриотты азамат екенінді дәлелдей аласың.

Еліміз өркендеп жайнауда. Өз елімізге лайықты Конституция заңдары қабылданды. Конституция заңдарында Отанымызды қорғауға, балабақшаға, мектепке баруға, үлкен оқу орындарында білім алуға құқықтарың бар екені туралы жазылған. Осы мемлекетте тұрғандықтан өз елімізді, жерімізді қадірлеп, қастерлеуіміз керек.

Міне, балалар бұл біздің қысқа ғана тарихымыз. Мектепке барғанда еліміздің өткені туралы әлі де көп біліп, үйренесіңдер.

- Ал енді айтындаршы Егемендігіміздің белгісі нелер?

- Рәміздеріміз. Ту, Елтаңба, Әнұран



Ендеше сол рәміздеріміз туралы әр топқа тапсырма берейін.

1-тапсырма:

1-топ: Елтаңба туралы өз білетіндерін айтады.

Асылназ: Елтаңба алтын және көгілдір түсті. Әлемнің тұтастығын, ошақтың амандығын білдіреді. Тұлпар биік арманның, қайраттың нышаны. Жұлдыз – жұлдызымыз жарық болсын дегенді білдіреді.

Елтаңба туралы тақпақтар:

Ильяс: Алтын канат көмкерген

Шанырақ бар, уық бар

Әсем бейне сен көрген

Жәй бейне емес ұғып ал

Ақнұр: Сүйсіндірген өзінді

Түсіне біл таңбаны

Ауызда ұшқыр төзімді

Пырақ халық арманы

Сулим: Құт береке шанырақ

Орын алған ол төрден

Қанатты қос арғымақ

Екі жақтан көмкерген

Айкөркем: Елтаңбасы елімнің

Неткен әйбат, әдемі

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі

Бекұлан: Тәуелсіздік жолында

Талай-талай тер тамған

Билігім өз қолымда

Еркіндігім – Елтаңбам

2-топ: Туымыздың қандай белгілері бар екен?

Аяулым: Тудың түсі көк, шетінде ою-өрнек, ортасында күн және қыран құс.

Ту туралы тақпақтар:

Абылхаир: Аспан түстес көгілдір

Тік бұрышты матаның

Ортасында төгіп нұр

Күн жаяды шапағын

Бекзат: Астында оның қалқыған

Қыран құстың бейнесі

Азат елдің шалқыған

Көңілі деп білерсін

Фатима: Көк аспанда тулардың

Желбіреген күні бұл

Елім деген ұлдардың

Елжіреген күні бұл

Шұғыла: Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы

Оны халық кашанда

Биік іліп қояды

Мирас: Көк аспандай көкпеңбек

- Тәуелсіздігімізге 27 жыл болды.
- Тәуелсіздік дегеніміз не?
- Еркіндік, ешкімге бағынбау т.б.
- Тәуелсіздік дегенде тағы не айтар едіңіздер?
- Тәуелсіздік – Қайрат, Ләззат, Ерболдың

Тас көшеде тас-талқан боп өлгені.
 16- желтоқсан – Тәуелсіздік алған күн
 Ерекше боп ел жадында қалған күн.
 Мен казакпын, ұланымын казактын
 Тәуелсізбін, егеменмін, азатпын.



Тәрбиеші: Жарайсыздар, барлықтарыңызда бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыстыңыздар. Сабағымыз аяқталды. Рахмет.

Еліміз тыныш, халқымыз аман, бейбіт күніміз жарқын болсын. Әрқашан аспанымызда күн сөнбесін. Тәуелсіз еліміздің көк байрағы мәңгілік желбіресін.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Біздің Отанымыз туралы қойылған сұрақтарға жауап береді

Түсінеді: Қазақстан Республикасы- тәуелсіз ел екенін түсінеді. Қолданады: Қазақстан Республикасы туралы мәлеметтерді оқу іс-әрекеттерінде қолдана білу дағдыларын